

Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы))



Құрылуы

1457 жылдың күзінде Әбілқайыр хан Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қол астындағы ру-тайпалармен Шу өңіріне келіп қоныстанып, Қазақ хандығының негізін салады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи

Рашиди» кітабында Қазақ

хандығының құрылған жері - Шу бойы

мен Қозыбасы деп айтылады. 1458

жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа

басылары Керей мен Жәнібекке

келіп қосылады. Аз уақыттың ішінде халықтың саны 200 мыңнан асып түседі.

Қазақ хандығының құрылуы осыған дейін



Хандықтағы жоғары билік хан қолына шоғырландырылды. Салт бойынша, хан тағына отыруға рудағы үлкен ұлдың құқығы басым болды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы және жоғарғы сот қызметін атқарды, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, соғыс жариялау мен бейбіт бітім жасау, заңдар шығару және хандықтың бүкіл аумағын билеудің бас

құқығына ие болды. [1]

XV-XVII-ғ. Қазақ хандығы дәуірінде қазақ этносының материалдық және рухани мәдениетінің негізгі сипаттары қалыптасты.

Қазақ хандығының пайда болу фактісі Жетісудың батыс бөлігінде өтті. Дәл осы жерге Керей мен Жәнібектің қарамағындағы, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағында тұратын Орта жүздің қазақтары қоныс аударды.

Өрлеуі

XV ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақ хандары қарсыластарын тықсыра отырып, Батыс Жетісуға табан тіреді. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, этникалық аумағының негізгі бөлігін қамтитын шекаралары кеңейе түсті.

Орта Азия,
Астрахан, Қазан,
Сібір
хандықтарымен,
Ресеймен тығыз байланыс

болды. Қасым хан,
Хақназар хан,
Тәуекел, Тәуке
хандардың есімдері Қазақ мемлекеттілігі деген атаумен қоса жүреді. Өйткені олардың қазақ жерін нығайтудағы, қазақтардың үстемдігін орнатудағы әрекеттері орасан зор болатын. Қазақ хандығының әрмен қарайғы нығаю процесі жер аумағының кеңеюі Сырдария өңірінде, Оңтүстік Қазақстан өлкелерінде мемлекеттің орнығуымен қатар жүрді. Қазақ хандары Сыр бойындағы қалалы



Қазақ хандығы кезеңінің көптеген сәулеттік ескерткіштерінің арасында қазақтармен достық қарым-қатынаста болған ойрат ұлыс князьдары XVII ғасырда лама дінінің пұтханасы ретінде салдырған Қызылкеніш сарайы (Қыз Әулие сарайы) бар.

Сонымен XVI ғасырда Орталық Қазақстан экономикалық жағынан біртұтас, этникалық құрамы біртектес Қазақ хандығының құрамына енді. XVII ғ. қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлік кезеңі, Орталық Қазақстан жерінде қазақтардың әскері екі ірі жеңіске жеткенімен қазақ-жоңғар соғысы әлі жүз жылға созылды (к. Аңырақай шайқасы, Бұланты шайқасы). Қалмақтар мен қазақтардың өзара жауластығы қалмақтардың бір одаққа (1400) бірігуінен басталып, оларды қытайлықтардың түгел жойып жіберген (1757 ж.) кезеңіне дейін ұласты.

Абылайдың билігі кезеңінде Сарыарқа даласында Қазыбек би (1667-1763) және Бұқар жырау (1668-1781 ж.) үлкен рөл атқарды. Қазыбек би, Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар тұсында мемлекет басқаруға белсене араласты. Абылайды жоңғар тұтқынынан босатып алуда ерен еңбек сіңірген Қаз дауысты Қазыбек би Абылай хан билікке келген кезеңнен бастап мемлекет ісіне белсене қатысты. Ол ханның бас кеңесшісі және беделді би болды. Бұқар жырау есімі ұрпаққа ақылгөй жыршы ретінде белгілі. Өз шығармаларында Бұқар жырау үш

жүздің бірігіп, мықты мемлекет болуын армандады. [2] Қазақ хандығы туралы

бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Жалпы бұл еңбек Моғолстан хандығы тарихына арналған. Алайда сол кездегі саяси жағдайға байланысты Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Абулғазы, Қадырғали Жалайыри өз еңбектерінде Қазақ хандығы, оның билеушілері туралы мәліметтер қалдырды. Сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне байланысты шығыс деректерінің маңызы зор.

ауық араласып отырды. Дегенмен Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханның бұл соғысты XV ғасырдың соңына қарай жеңіспен аяқтау мүмкіндігі болған жоқ. Шайбанилықтар тынымсыз күрестен соң Әмір Темір мұрагерлерін ығыстырып, Отырар, Йасы (Түркістан),

Арқұк және Үзгентті алды. Кезінде Сырдың сол жақ бетіндегі Арқұк, Үзгенттен басқа Сығанақ, Созақ және

Аққорғанды (1446 жылы) Әбілхайыр ханның иемденгені болмаса, өзге қалаларды атасынан қалған мұра санауға Мұхаммед

Шайбанидың ешқандай да негізі жоқ еді. Ал Ташкент пен Сайрамда

бұл кезде моғол ханы Сұлтан Махмұд билік құрды.

XVI ғасырдың алғашқы онжылдығы Қазақ хандығы үшін Мұхаммед Шайбани ханның

тегеурінді шабуылына тойтарыс беру жағдайында өтті.

Мәуереннахр билеушісінің 1503 – 1510 жылдары қазақ жеріне жасаған жорықтары ол қалағандай нәтиже берген жоқ. 1510 жылдың соңында Мұхаммед

Шайбани хан Ираншахымен болған шайқаста кәсіп

Құлдырау

1718- жылы қазақтың ұлы ханы Әз Тәуке қайтыс болған соң, Қазақ хандығында туылған ішкі енжарлық, қазақ жүздерінің ұсақ иеліктерге жіктеліп ыдырауы, жоңғар ақсүйектерінің шапқыншылығы, « ақтабан шұбырында» апаты Қазақ хандығының күш – қуатын құлдыратқан еді. Осы мезгілде кіші жүз ханы Әбілқайыр өзіне қараған елдің бір бөлігін (40 мың адамды) бастап батысқа қарай ауып барып, орыс патшасына бағынуға ант берді.

Тарихи тағдырдың қиын – қыстауы кезеңінде, қазақ ханы Абылайдың жоңғар ақсүйектерімен қарсы жүргізген күресі Ежен ханның жоңғарларға қарсы жорығына ласты. Ежен әскерінің жоңғар әскерлерін женуіне Абылай да ат салысты. Ежен хан жоңғар бөлігін тыныштандырғанан кейін 1757 – жылы Абылай Қазақ хандығы атынан арнаулы хат жолдап ,елші жіберіп, Ежен ханға бағынды.

қазақ жерлерінің Ресейге қосылу барысында патша үкіметі отарлар мақсатын көздеп, қосып алған территорияға бекініс шептері мен қалалар салды. Бұл бекініс шептері патша үкіметінің отарлау саясатының тіреу пунктеріне айналды.



19ғасырдың басында Қазақ хандығы жойылуға бет алды. Ал кіші жүздің кейінгі хандарының бірі – Айшуақ 1805 – жылы әбден қартайып, тағынан тайды. 1812 – жылы тағайындалған кіші жүздің ақырғы ханы Шерғазының билігі ел – жұртқа өтпеді. 1781 – жылы Абылай хан қайтыс болғаннан кейін орта жүз де ыдырай бастады 1781 – жылы әкесі Абылай ханның орнына отырған орта жүз ханы Уәли 1818 – жылы қайтыс болды. Орта жүздің екінші ханы Бөкей (Барақ сұлтанның баласы) де 1818 – жылы қайтыс болды. Уәли қайтыс болған соң, баласы Ғұбайдолла өзінің інісі Жантөрені Бежінге елші етіп жіберіп, әкесінің хандық орнына тағайындауды талап етті 1823 – жылы 12 – айда Ежен хандығы Ғұбайдолланы әкесінің орнына хан етіп отырғызды. 1824 – жылы 2 – мамыр күні бұйрық бойынша Іледегі әскери уәзір Ғұбайдолланың орта жүз ханы болып тағайындалған куәлігін алып, әкесі Уәли ханның қазасына ақтық салып барды.

19-ғасыр 20 – жылдары Ресей өкіметі қазақ хандық үкіметті жойып ел басқаруды Ресейлік тәртібін жақындатуға тырысты Ресей патша үкіметі 1822 – жылы орта жүз, 1824 –жыл кіші жүз қазақтары арасында хандық жойылды. Орыс үкіметі орындарының Сібір қазақтары туралы жарылғына сәйкес орта жүз территориясы 8 сыртқы окіріке бөлініп оларды аға сұлтандар басқаратын болды . Аталмыш жарлық мынадай әкімшілік бөліктерді белгіледі: 50, 70, болыс бір округ Ауылды үш жылға салынатын старшын, ал болысты болыс басқаруға тиісті болды. Қазақ хандығы бір жолата жойылды.

Қазақ хандығы 1456 – жылдан 1820 – жылға дейін 364 – жыл өмір сүрді. Қазақ хандығы қазақтардың өз алдына жеке халық болып қалыптасуы барысын бір жолата аяқтады, қазақтың тіл, әдебиет, мәдениетін қалыптастыруда қазақ тарихында онда маңызды орын ұстады

Рахмет шыдап
тындағандарына))